

Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 28 қазандағы N 170

1995 жылғы 22 қарашада Алматыда қол қойылған Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Келісім

(1997 жылғы 5 жедтоқсанда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі,
б ұ д а н ә р і Т а р а п т а р д е п а т а л а д ы ,
теңдік пен өзара пайдалы негізде Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты үйлесімді дамытуға
ы қ п а л е т е о т ы р ы п ,
еркін сауда аймағын құру туралы ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің 1994 жылғы 15 сәуірдегі Келісімін басшылыққа алып,
Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімінің ГАТТ негізгі қағидаларына сәйкес екі елдің арасындағы сауда қатынастарын дамытуға ұмтылып, төмендегілер жайында келісті:

1-бап

1. Тараптардың бірінің кеден аумағынан әкелінген және басқа Тараптың кеден аумағына арналған тауарлардың экспортына немесе импортына пара-пар күші бар кеден баждарын, салықтар мен алымдарды Тараптар қолданбайды. Тауарлардың келісілген номенклатурасы бойынша осы сауда тәртібінен шығару жыл сайын жеке хаттамамен ресімделіп отырылатын болады.

2. Осы Келісімнің мақсаты үшін және Тараптардың кеден аумақтарынан әкелінетін тауарларға оның күші жүретін кезеңде тауарлар деп мыналар:

- а) тараптар аумағында толық өндірілген немесе;
- б) үшінші елдерден әкелінген, шикізатты, материалдар мен жинақтаушы

бұйымдарды пайдалана отырып, Тараптардың аумағында өңдеуден өткізілген және осыған байланысты алғашқы белгілердің төртеуінің біреуі бойынша болса да, Тауарлардың сипаттамасы мен кодталуының ырғақты жүйесінің жіктемесіне ж а т а т ы н д ы ғы өзгергені ;

в) "б" тармақшасында көрсетілген шикізатты, материалдар мен жинақтаушы бұйымдарды пайдалана отырып өндірілген тауарлар ұғынылады;

Тауарлардың шығу тегі толық қамтылған ережелерді тараптар жеке құжатпен жүргізеді, оны дайындауды Тараптар өкілетті ұйымдарға тапсырады.

2-бап

Т а р а п т а р м ы н а л а р д ы :

- осы Келісімнің қолданылуына жатқызылатын тауарларға тура немесе жанама түрде ішкі өндірістің сол тектес тауарларына немесе үшінші елдерден әкелінетін тауарларға салынатындай тиісті салықтар мен адамдардан асып түсетін, ішкі салықтар салынуын немесе алымдар алынуын ;

- осы Келісімнің қолданылуына жатқызылатын тауарлардың импорты немесе экспортына қатысты мұндай жағдайда ішкі өндірістің сол тектес тауарларына немесе үшінші елдерден әкелінген тауарларға қолданылмайтын қандай да бір арнайы шектеулер мен талаптардың енгізілуін ;

- басқа Тараптан шығарылған тауарларды қоймаға салу, қайта тиеу, сақтау, тасымалдау, сондай-ақ төлемдер мен төлемдерді аудару жөнінде осындай жағдайда өз тауарлары немесе үшінші елдерден әкелінген тауарлар жөнінде қолданылатынын өзге ережелердің қолданылуын болғызбайтын болады.

3-бап

1. Таратар өзара саудада осы келісімнің шеңберінде тауарлардың экспортына және/немесе импортына кемсітушілік шараларын қолданудан, сандық шектеу немесе оларға пара-пар шаралар енгізуден тартынатын болады.

Тараптар біржақтылық тәртібімен шектеулер белгілей алады, бірақ мұның өзі ақылға сиымды шегінде және нақты белгілі бір мерзімге арналады.

Бұл шектеулердің ерекшелік ретінде сипаты болуға тиіс әрі сол тауарлардың ішкі рыноктағы өте тапшылығы мен төлем балансының өте тапшылығы жағдайында ғана қ о л д а н ы л а а л а д ы .

Осы бапқа сәйкес сандық шектеулер қолданылатын Тарап мүмкіндігіне қарай алдын ала басқа тарапқа аталған шектеулерді енгізудің негізгі себептері, олардың түрлері мен қолданылуының межелі мерзімі туралы толық ақпаратты басқа Тарапқа беруге тиіс, содан кейін консультациялар тағайындалады.

Осы бапқа сәйкес сандық шектеулер енгізу жеке хаттамамен ресімделеді.

4-бап

Тараптардың шаруашылық жүргізуші объектілері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі барлық есеп айырысулары мен төлемдер жасауы Тараптардың өкілетті банктері арасындағы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

5-бап

Әрбір Тарап тауарлардың қайта экспортталуына жол бермейді, оның аймағына бұл тауарлар әкелінген Тарап олардың экспортына қатысты тарифтік және/немесе тарифтік е м е с ш а р а л а р қ о л д а н а д ы .

Мұндай тауарларды үшінші елдерде қайта экспорттау осы тауарлар шыққан елдің өкілетті мекемесінің жазбаша келісімімен және айқындаған шарттарымен ғана жүзеге асыруға болады. Осы қағида сақталмаған жағдайда мүдделі Тарап басқа Тараппен алдын-ала консультациялар жасалғаннан кейін келісімсіз қайта экспорттауға жол берген басқа Тараптың аумағына сондай тауарлардың апарылуын реттеу жөнінде біржақтылық тәртібімен шаралар қолдануға құқықты.

6-бап

Тараптар экономикалық қызметпен байланысты заңдар туралы, соның ішінде сауда, инвестиция, салық салу, банкілік және сақтандыру қызметі мен өзге де қаржылық қызмет көрсету мәселелері жөнінде, кедендік статистиканы қосқанда, көлік және кеден мәселелері жөнінде тұрақты негізде ақпарат алмасатын болады.

Тараптар осы Келісімді орындауға әсер етуі мүмкін ұлттық заңдардағы өзгерістер туралы бір-біріне уақытыл хабарлап отыратын болады.

Тараптардың өкілетті органдары мұндай ақпарат ауыстырудың тәртібін келіседі.

7-бап

Тараптар үшінші елдермен саудада қолданылатын кеден баждары ставкаларының деңгейін жақындастыруға ұмтылатын болады және осы мақсатта тұрақты консультациялар өткізу туралы келісті.

Тараптар қолданылып жүрген кеден тарифтері туралы және олардан шығарылғандардың бәрі туралы бір-бірін хабардар етіп отыратын болады.

8-бап

Тараптар жауапсыздық іс тәжірибесін осы Келісімнің мақсатымен сиыспайды деп таниды және оның, атап айтқанда, мынадай әдістеріне;

- мақсаты бәсекеге бөгет жасайтын немесе оны шектемейтін немесе ол үшін Тараптар аумағында жағдай туғызбайтын кәсіпорындар арасындағы шарттарға, олардың бірлестіктері қабылдаған шешімдерге және іскерлік тәжірибенің жалпы ә д і с т е р і н е ;

- Тараптардың бүкіл аумағында немесе едәуір бөлігінде бәсекелестікті шектей отырып, бір немесе бірнеше кәсіпорынның өз үстемдік жағдайын пайдаланатын іс-қимылдарға жол бермеуге және оларды жоюға міндеттенеді.

9-бап

Екіжақты экономикалық қатынастарды тарифтік және тарифсіз жағынан реттеу шараларын жүзеге асырған кезде статистикалық ақпарат алмасу, кеден процедураларын жүргізу үшін Тараптар Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың Тауарларды сипаттау мен кодтаудың ырғақты жүйесіне және Құрамды тарифтік-статистикалық номенклатурасына негізделген сыртқы экономикалық байланыс қызметінің біртұтас тоғыз таңбалы Тауар номенклатурасын (СЭҚ ТН) пайдалануға келісті. Бұл орайда өз мемлекеттерінің жеке мұқтажы үшін Тараптар қажет болған жағдайда Тауар номенклатурасының тоғыз таңбадан асырыла өрістетілуін жүзеге асырады.

Тауар номенклатурасының эталондық данасын енгізу тиісті халықаралық ұйымдарда орныққан өкілдік арқылы өзара келісу негізінде жүзеге асырылады.

10-бап

Тасымал өткізудің еркіндігі қағидатын сақтау осы Келісімнің мақсатына жетудің аса маңызды шарты және оларды халықаралық еңбек бөлінісі мен кооперациялауға қосу процесінің елеулі бөлшегі болып табылатынына Тараптар келіседі.

Осыған байланысты басқа Тараптың немесе үшінші елдердің кеден аумағынан әкелінетін және басқа Тараптың немесе үшінші елдің кеден аумағына арналған тауарларды әрбір Тарап өз аумағы арқылы кедергісіз тасымалдауды қамтамасыз етеді және осындай тасымалды жүзеге асыратын экспорттаушыларға, импорттаушыларға немесе тасымалдаушыларға тасымалды қамтамасыз ету үшін қолда бар және қажетті құралдарды беру мен қызмет көрсету жағдайлары, соның ішінде қаржылық та, кез келген үшінші мемлекеттің экспорттаушыларына, импорттаушыларына ұлттық тасымалдаушыларына берілетін сондай құралдар мен қызмет көрсетуден кем соқпайтындай етіп жүзеге асырылатын болады.

11-бап

Осы келісім Тараптардың кез келгенінің өзі қатысушы болып табылатын немесе қатысуға ниеті бар Тараптың халықаралық шарттарды орындау үшін қажетті деп

санайтын халықаралық тәжірибеде жалпыға бірдей қабылданған шараларды қолдану құқығына, егер бұл шаралар мыналарға: ұлттық қорғаныстың мүддесін көздейтін ақпаратқа; қару, оқ дәрі мен әскери техника саудасына; қорғаныс мұқтажына байланысты зерттеулерге немесе өндіріске; ядролық өнеркәсіпте пайдаланылатын материалдар мен жабдықтарды беріп тұруға; қоғамдық мораль мен қоғамдық тәртіпті сақтауға; өнеркәсіптік және ақыл-ой меншігін қорғауға; алтын күміс немесе өзге де қымбат металдар мен асыл тастар саудасына; адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауға қатысы болса, кедергі жасамайды.

12-бап

Үшінші елдер жөнінде экспорттық бақылаудың келісілген саясатын жүргізу мақсатында Тараптар экспорттық бақылаудың тиімді жүйесін жасау үшін тұрақты консультациялар жүргізеді және өзара келісілген шаралар қолданатын болады.

13-бап

Тараптар арасында бұрын жасалған келісімдерінің ережелерін, кейінгілерінің алғашқылармен не үйлеспейтіндігіне, не олармен бір тектес келетініне қарай, осы Келісімнің ережелері ауыстырады.

14-бап

Тараптың осы Келісім жағында болып табылмайтын мемлекеттермен, сондай-ақ олардың бірлестіктерімен және халықаралық ұйымдармен қатынас орнатуға осы Келісімнің мақсаты мен шартына қайшы келмейтін осы Келісімнің ештеңесі де кедергі келтірмейді.

15-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану жөніндегі Тараптар арасындағы даулар келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Тараптар өзара саудада кикілжіңдерден тартынуға тырысатын болады.

Тараптар былайша белгілейді: екі елдің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы шағымдар мен даулар түсіндіру немесе коммерциялық контрактілерді немесе мәмілелерді орындау нәтижесінде, оларды консультация мен келіссөздер негізінде достық жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, әрі өзгеше келісілмесе, контрактіге қол қойған Тараптар айқындайтын Тараптардың аумағында немесе үшінші мемлекеттердің аумағында құрылатын, шаруашылық дауларын қарайтын соттардың

б о л а д ы .

Соңғылары қолданылатын материалдық құқықты, нормалар мен процедураларды, сондай-ақ істің тыңдалуын өткізетін орынды белгілей алады.

Әрбір Тарап шешімдерді тану және орындалуы жөнінде өз аумағында тиімді құралдар болуын қамтамасыз етеді.

16-бап

Осы Келісімнің мақсатын жүзеге асыру және екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастығын жетілдіру жөніндегі ұсынымдар әзірлеу үшін Тараптар бірлескен қазақстан-тәжікстан комиссиясын құруға келісті. Ол тараптардың біреуінің тілегі бойынша Қазақстан Республикасында немесе Тәжікстан Республикасында жиналады.

17-бап

Осы Келісім олардың ұлттық заңдарында көзделген мемлекетаралық процедураларын Тараптардың орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Осы Келісім бес жылға жасалады және, егер Тараптардың бірі оның қолданылуын тоқтататын өз ұйғарымы туралы екінші Тарапты алты ай ішінде хабардар етпесе, өзінен өзі келесі бес жылдық мерзімге ұзартылады.

Алматы қаласында 1995 жылғы 22 қарашада қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данасында жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің мәтіні бойынша Тараптардың түсініспеушілігі орын алған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1995 жылғы 22 қарашадағы Келісімге еркін сауда тәртібінен шығару туралы

Хаттама

Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының өкілетті өкілдері төмендегілер туралы осы Хаттаманы жасады:

1-бап

Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1995 жылғы 22 қарашадағы Келісімнің 1-

бабында көзделген шығарулар мыналарға тарайды:

1. Оларды Қазақстаннан Тәжікстанға экспорттау кезінде Тауарларды кедендік рәсімдеу сәтінде қолданылған тауарларды экспорттау мен импорттау тәртібі туралы Қазақстан Республикасы заңдарының қолданылуына жатқызылатын тауарларға.

Астық дақылдарына экспорттық кеден баждары мәселелерін Тараптар қосымша қ а р а й д ы .

2. Тауарларды Тәжікстан Республикасынан Қазақстан Республикасына экспорттау кезінде экспорттық тариф туралы Тәжікстан заңдарының, сондай-ақ тауарларды кедендік рәсімдеу сәтінде қолданылған тауарлардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) экспортталуы мен импортталуын лицензиялау мен квоталау туралы заңдарының қолданылуына жатқызылатын тауарларға қолданылады.

2-бап

1. Осы Хаттаманың 1-бабына сәйкес еркін сауда тәртібінен шығаруға жатқызылған тауарлар бойынша Тараптар мыналарға қатысты:

- сондай салықтар мен алымдардың алыну әдістерін қосқанда, экспорттау кезінде алынатын кеден баждары, салықтар мен алымдарға;
- тасымалды, тасымалдауды, қоймаға салуды, қайта тиеуді және басқа сондай қызмет көрсетуді кедендік рәсімдеуге қатысты ережелерге;
- төлемнің және төлемдерді аударудың әдістеріне;
- экспорттық лицензиялардың берілуіне;
- ішкі рынокта тауарларды сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөлу мен пайдалану ережелеріне қатысты бір-біріне неғұрлым қолайлы ұлттық тәртіп жасайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері мыналарға:

- кеден одағын немесе еркін сауда аймағын құру мақсатында не мұндай одақтың немесе аймақтың құрылуы нәтижесінде Тараптардың кез келгенінің үшінші елдерге б е р г е н а р т ы қ ш ы л ы қ т а р ы н а ;
- Тараптардың заңдарына сәйкес дамушы елдерге берілген артықшылықтарға;
- шекара маңындағы сауданы жеңілдету мақсатымен көршілес елдерге берілген а р т ы қ ш ы л ы қ т а р ғ а ;
- арнайы келісімдерге сәйкес Тараптардың бір-біріне берген артықшылықтарға қолданылмайды.

3-бап

1. Осы Хаттама Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1995 жылғы 22 қарашадағы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және аталған Келісіммен бір мезгілде к ү ш і н е е н е д і .

2. Осы Хаттама Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1995 жылғы 22 қарашадағы Келісімнің 1-бабында көзделген жаңа Хаттама жасалғанға дейінгі кезеңде күшінде б о л а д ы .

1995 жылғы 22 қарашада Алматы қаласында екі түпнұсқа данасында, әрқайсысы, қазақ, тәжік және орыс тілдерінде жасалды.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін